**«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ-нің «№5 Хромтау гимназия» КММ-нің мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысында көрсетілген бұзушылықтардың түзетілуі жөніндегі қорытынды анықтамасы**

**2025 жыл «11ақпан»**

| № | Анықталған кемшіліктер мен ескертулер | Кемшіліктердің түзетілуі және орындалуы туралы мәлімет |
|---|---|---|
| 1 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9,3 тармағы талабына сәйкес келмейді: Қазақтан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1 тарауының 9 тармағы талапқа сәйкес келмейді, өйткені «Білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрық талаптарына сәйкес бес дағдыны дамытуға арналған оқу және ойын материалдары туралы мәлімет толық ұсынылмаған. Қағиданың 1 тарауының 7 тармағының талабына тәрбиеленушілердің оқу жылының басында топқа жинақталуы сәйкес келмейді,өйткені 0ә сыныбында -28 тәрбиеленуші (3 бала артық) (25 баладан артық болмау керек), 0а сыныбында -29 тәрбиеленуші (4 бала артық) (25 баладан артық болмау керек) тәрбиеленуде.<br>Бұдан Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасының 2-тарауының 4-тармағының 4-қосымшасының талаптарына сәйкес келмиді. | Аттестаттау кезеңінде мектепалды даярлық сыныптарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрық талаптарына сәйкес Қағиданың 1тарауының 7 тармағының талабына тәрбиеленушілердің оқу жылының басында топқа жинақталуы сәйкес келмеуіне байланысты кемшіліктер жойылып, 3-қосымша жолданды. Сонымен қатар осы қағиданың 1 тарауының 9 тармағына сай бес дағдыны дамытуға арналған оқу және ойын материалдары туралы мәлімет толық ұсынылмаған болатын. Себебі сол кезеңде мектепте күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп жатты. Кабинет жабдықталмаған болатын. Бұл көрсетілген кемшілік бойынша кабинеттің талапқа сай жабдықталғаны туралы дәлелдеме құжаттар сканерленіп, қайта ұсынуға мектеп сайтында «Мемлекеттік қайта аттестаттау» айдарына орналастырылды. Қағиданың 1 тарауының 7 тармағының талабына сай тәрбиеленушілердің топқа жинақталу кемшіліктері реттеліп, 3-қосымшада көрсетіліп, бұйрығы, орналасқан мекемеден анықтамасы ұсынуға мектеп сайтында «Мемлекеттік қайта аттестаттау» айдарына орналастырылды.<br>Дәлелдеме құжаттары:<br>3-қосымша -2 бет<br>4-қосымша -3 бет<br>Бұйрықтар -6 бет<br>Анықтама<br>Мектепалды даярлық тобының кабинет жабдықталуы, кабинет |

| | | |
|---|---|---|
| | | суретімен. |
| 2 | Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 Бұйрыққа қосымша білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары 2 тарауының 8тармағы «Білім алушыларға, білім алушылардың» ата-аналарына сауалнама реаспонденттерінің төменінде 90%-ы жалпы саны -10 төменінде 80%-ды құрайтын білім алушылар қатысқан кезде жүргізіледі. Сәйкес келмейді, өйткені ата-аналар 90 пайыздан кем (86%) қатысқан, сондықтан талдау жасалмады. | Мектепалды даярлық тобының 50 ата-анасы қатысып, 100% пайыз қамтылды және «4,9 сынып білім алушылары мен білім алушылардың ата-аналарынан және сауалнама алынды. Сауалнамаға мұғалімдердің 34 педагог қатысып, 100% пайыз көрсетті. Ата –аналардың 84-і толық қатысып 100%, білім алушылар тарапынан 100% пайыз қамтылды. Сауалнамаға талдау жасалып, қайта ұсынуға мектеп сайтында «Мемлекеттік қайта аттестаттау» айдарына орналастырылды.<br>Сауалнама: 3 бет.<br>Сауалнама:7 бет. |
| 3 | Бағалау шарттарының 12.5 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4- қосымша 2 тарау 14-тармақ «Бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты оқытудың екі деңгейінде оқу пәндерін таңдаудың икемді жүйесі ұсынылады. Білім алушы қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген деңгейдегі оқу пәндеріне сағат саны көп бөлінеді. Стандарттық деңгейде бейінді емес оқу пәндері оқытылады» және 4 тарау 39 тармағы «Әр бағыттағы бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер тиісінше оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлері бойынша көрсетілген және олар оқыту бейінінің ерекшеліктеріне сәйкес келеді» талаптарына сәйкес келмейді, себебі 10,11, сыныптарда стандарттық деңгей бойынша таңдау пәнін оқытуда білім алушыларды топқа бөліп, жоспарланған 1 сағаттан 2 пән «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» және «Дүниежүзі тарихы» орнына 1 сағатта. 1 пән оқытылған. Яғни сынып оқушыларының жарты тобына «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні 1 сағат оқылса, қалған жарты тобына «Дүниежүзі тарихы » пәні 1 сағат оқытылған. | 10,11, сыныптарда стандарттық деңгей бойынша таңдау пәнін оқытуда білім алушылар тарапынан «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері таңдап алынған. Оқу жоспарында бұл таңдау пәндері талапқа сай дұрыс бөлінген. Дегенмен «bilim class»электронды журналды бұл пәндерге сыныпта білім алушылар топқа бөлінген. Жіберілген кемшіліктер уақытылы түзетіліп, барлық сынып білім алушылары қамтылды. Аталған кемшілік бойынша оқу жоспары негізінде стандарттық деңгей пәндері бойынша жауапты маман оқу-тәрбие орынбасары Ж.С.Каражановаға ескерту берілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4- қосымша 2 тарау 14-тармақ негізінде жіберілген кемшіліктер бойынша дәлелдеме құжаттар сканерленіп, қайта ұсынуға мектеп сайтында «Мемлекеттік қайта аттестаттау» айдарына орналастырылды.<br>Дәлелдеме құжаттары:<br>Түсініктеме: Каражанова Ж.С.-1 бет<br>Бұйрық №149 «Тәртіптік жаза беру туралы» - 1бет.<br>«bilimclass»электронды журналынан скриншот. |
| 4 | Бағалау өлшем шарттарының 12.10 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту | Ғимараттың күрделі жөндеудің мерзімі аяқталмауына |

| | | |
|---|---|---|
| | министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген «»Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі» 1 тарауының 4 тармағы, 2 тарауының 11 тармағы, 3 тарауының 18 тармағы талапқа сәкес келмейді, өйткені тамақтану объектісін жалға алушының тамақтану объектісіне санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы ұсынылмаған. Бұйрықтың 1 тарауының 5тармағы, 2 тарауының 12 тармағы,3 тарауының 19 тармағы бойынша талапқа сәйкес келмейді, өйткені №55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келгендігі туралы құжаттар ұсынылмаған.Бұдан Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2- қосымша 2-тарау 27 –тармағы , 3 –қосымша 2-тарау 39-тармағы, 4 қосымша 2тарау 29 тармағы талаптары сақталмаған. | байланысты, мектептің аттестациядан өту кезеңінде тамақтану объектісін жалға алушының тамақтану объектісіне санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы мен №55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келгендігі туралы құжаттардың болмауы анықталған болатын. Қазіргі танда өрт қауіпсіздігімен келісім шарт жасалды, дегенмен профилактикалық бақылау жүргізу 2025 жылдың 10 наурыз айынан бастап жүргізіледі.(Хабарландыру хаты өрт қауіпсіздігі сайтта тіркелді.) Осы тармақтар негізінде барлық дәлелдеме құжаттар сканерленіп, қайта ұсынуға мектеп сайтында «Мемлекеттік қайта аттестаттау» айдарына орналастырылды.<br>Дәлелдеме құжаттары:<br>11-қосымша қоса жалғанды-1 бет<br>Санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы -6 бет<br>Күрделі жөндеу жұмысының басталуы-02.06.2024<br>Күрделі жөндеу жұмысының аяқталуы –31.12.2024<br>Хабарлама хат:KX75REA00401390<br>Келісім шарт: күрделі жөндеу –№12. 02.06.2024. 26 бет<br>Келісім шарт: өрт қауіпсіздігі № 8. 17.01.2025ж 24 бет<br>Хабарландыру хат:№21-04-34-5/31-4. 05.02.2025ж<br>Қорытынды хабарлама 2023-2024 өрт қауіпсіздігі. 1-бет |
| 5 | Бағалау өлшемшарттарының 14.2 тармағы талабына сәйкес келмейді,себебі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минситрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2-тарау, 8-тармағы «2-11 сыныпалушыларына формативті бағалау, бөлім, ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады» талабы сақталмаған, себебі кейбір жекелеген пәндерден 1 тоқсан бойынша формативті бағалау жоқ. | «bilim class»электронды жұрналды толтыруда анықтлған кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары жүргізілді. Кемшілік жіберген пән мұғалімдеріне ауысша ескерту беріліп, түсінітемелері алынды.<br>Атап айтар болсақ: 3 «Ә» сынып жаратылыстану пәні мұғалімі Ж.М.Құлынтаеваға, 8 «Ә» сыныпта дүниежүзі тарихы пәні мұғалімі А.К.Дарибайға, 9 «А» сыныпта геометрия пәні мұғалімі А.Т.Жандайбекке (деретік демалыста 12.12.2024 №146) қалыптастырушы бағалардың өте сирек қойылуына байланысты және 8,9,10,11 сыныптарында информатика пәні мұғалімі Г.К.Далаховаға ортақ тақырып ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаулардың дұрыс жүргізілмеуіне байланысты жеке ескертулер беріліп, түсініктемелері алынды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минситрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2-тарау, 8-тармақтары бойынша қайта түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 2024 жылдың желтоқсанында әдістемелік отырыста қаралып, №4 хаттамасы сканерлеп ұсынылды. Осы тармақтар негізінде барлық |

| | | |
|---|---|---|
| | | кемшіліктер бойынша дәлелдеме құжаттар сканерленіп, қайта ұсынуға мектеп сайтында «Мемлекеттік қайта аттестаттау» айдарына орналастырылды.<br>Дәлелдеме құжаттар:<br>Түсініктеме: пән мұғалімдерінің-9 бет<br>Бұйрық №150 «Тәртіптік жаза беру туралы»- 1 бет |

Комиссия төрағасы: Ж.С .Каражанова
Комиссия мүшелері: Г.Н. Балғазина
Е.Т. Суюмова
А.Б. Дарибаева
Н.К. Журтканова
Г.К. Қонысбаева
А.Б. Гиззатов
И.Б. Искендирова